


Жеке

кәсіпкерлік

- **1. Жеке кәсіпкерлік** өзінің құқықтық иелігіне жататын мүлік базасында өз бетінше қызмет ететін бір ғана жеке тұлғадан құрылады. Некеде тұратын жеке тұлғаның жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы үшін жұбайынан келісім алуының қажеті жоқ. Тек жеке кәсіпкерлікті іске асыру үшін жеке тұлға жұбайы екеуінің ортақ мүлкін пайдаланар болса ғана, екіншісінің келісімін алуы қажет болады.

- **Жеке кәсіпкерлік** — азаматтардың өз атынан мүлiктiк жауапкершiлiкке негiзделе отырып жүзеге асыратын дербес бастамалық қызметi.
- Жеке кәсіпкер, әдетте, кәсіпорынды өзінің меншікті капиталымен қаржыландырады, барлық тәуекелді өзінің мойнына алады және осы қызметке байланысты өзінің міндеттемелері бойынша барлық мүлкімен жауап береді.
 - Жеке кәсіпкерлік жалдамалы еңбекті пайдаланып, не пайдаланбай жүзеге асыралады, сонымен қатар заң актілерімен шектелмеген шаруашылық қызметтің барлық түрін де жүргізеді.







КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Өндірістік

Жаңартушылық

Ғылыми-техникалық

Тауар өндіру

Қызмет көрсету

Өндірістік-тауарды тұтыну

Өндірістік-қызметті тұтыну

Ақпараттық

Коммерциялық

Саудалық

Сауда-көтерме-сатып-алу

Сауда-делдалдық

Тауар-биржалары

Қаржылық

Банктік

Сақтандыру

Аудиторлық

Лизингтік

Биржа-корлары

Кеңес-беру

Жалпы-басқару

Әкімшілік-жолмен-басқару

Қаржылық-басқару

Кадрды-басқару

Маркетинг

Өндіріс

Ақпараттық-технология

Арнайы-қызметтер

Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары

Бірлескен кәсіпкерлік – екі не бірнеше елдер серіктестерінің өндірістік-шаруашылық қызметінің кең ауқымды нысаны, немесе өндіріс пен айналыс аясындағы, ғылыми-техникалық, инвестициялық және қызмет көрсету салаларындағы бірігу;

Жеке кәсіпкерлік – кәсіпкерлік қызметпен заңды тұлға құрмай айналысу;

Мемлекеттік кәсіпкерлік – ұлттық экономиканы дамыту үшін тауарлар шығаратын, қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі,



- **Жеке кәсіпкерлік** – кәсіпкерлік қызметпен заңды тұлға құрмай айналысу;
- **Мемлекеттік кәсіпкерлік** – ұлттық экономиканы дамыту үшін тауарлар шығаратын, қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі, тәуекелдікті кәсіпкерлік – көбінесе ғылымды көп қажетсінетін салаларға бағытталған, жаңа технологияны жасаумен және таратумен айналысатын, яғни инвестициядан табысты кем алу қатері үлкен салалардағы ұсақ фирмаларға тән кәсіпкерлік.



Өндірістік кәсіпкерлік – өнім өндіру немесе қызмет көрсету жүзеге асырылады және одан әрі дайын өнімді тұтынушыға сатуды көздейді. Өндірісті жүзеге асыру үшін кәсіпкер ең алдымен қандай өнім өндіру және оны тік үшін өндіру керектігін білу керек.


Коммерциялық кәсіпкерлік – өндірілген өнімді сату мен оны сатып-алу келісімшарт негізінде тұтынушыларға дейін жеткізумен байланысты, яғни тауарлы-ақшалай, саудалық-айырбас операцияларымен сипатталады. Коммерциялық кәсіпкерлікті дамыту үшін мынадай 2 шарт сақталу қажет: сатылатын тауарға салыстырмалы түрде тұрақты сұраныстың болуы және өндірушіден тауарды едәуір төмен бағаға сатып алу мүмкіндігі.

Қызмет көрсету түріне қарай

Қаржылық кәсіпкерлік. Оның сату-сатып алу объектісі – ақша айналымы, бағалы қағаздар, валюталық қатынастар. Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты қаржы нарығы, валюта және бағалы қағаздар нарығы бой көтерді, оларға қатысушылар: коммерциялық банктер, қор биржалары, жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдар

Кеңес беру кәсіпкерлігі – ой нарығының бір бөлігі. Онда қаржылық, инвестициялық саясаттарды жасақтау, белсенді маркетинг, тәуелсіз кеңестер бойынша жұмыстар жүргізіледі. Кеңес беру әдістері эксперттік, үрдістік және оқу-үйрету нысандарында болауы мүмкін.





15-сурет. Кәсіпкерлікті дамыту факторлары

Назарларыңызға
рақмет!

